Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінің «Іляс Есенберлин атындағы № 67 гимназия» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны

Государственное коммунальное предприятие на праве хозяйственного ведения "Гимназия №67 имени Ильяса Есенберлина"

**БҰЙРЫҚ** **ПРИКАЗ**

01 қыркүйек 2022 жыл № 101

Нұр-Сұлтан қаласы город Нур-Султан

**Ақылы білім беру қызметтерін (тауарлар, жұмыстар) ұсыну туралы**

Қазақстан Республикасы «Білім туралы» 2007 жылғы 27 шілдедеді Заңының 63-бабының 3-тармағына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 20 шілдедегі № 1102 «Мемлекеттік білім беру мекемелерінің тауарларды (жұмыстарды, қызметтерді) өткізу жөніндегі ақылы қызмет түрлерін көрсету және олардың тауарларды (жұмыстарды, қызметтерді) өткізуден түскен ақшаны жұмсау ережесін бекіту туралы» қаулысына және «Астана қаласының Білім басқармасы» ММ 2017 жылғы 14 желтоқсандағы №771 «Астана қаласының коммуналдық мемлекеттік білім беру мекемелері жүзеге асыратын жалпыға міндетті білім беру стандарттарының талаптарынан тыс ақылы білім беру қызметтерін (тауарлар, жұмыстар) ұсыну туралы» бұйрығына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН**:

1. «№67 гимназия» ММ мемлекеттік білім беру мекемелері жүзеге асыратын жалпыға міндетті білім беру стандарттарының талаптарынан тыс ақылы білім беру қызметтерін (тауарлар, жұмыстар) ұсыну іске асырылсын.
   1. 2022-2023 оқу жылында мектеп оқушыларының сұранысы мен ата-аналарының өтінішіне сәйкес қосымша білім беру үйірмелері мен секция жұмыстарының жүргізілуі
   2. Ақылы білім беру қызметтерін (тауарлар, жұмыстар) ұсынуда төмендегі құжаттар басшылыққа алынсын:
   3. Қазақстан Республикасы денсаулық сақтау министрінің 2017 жылғы 16 тамыздағы № 611 бұйрығының жалпы ережелері сақталсын.
      **1-тарау** (5.) -гимназия – білім алушылардың бейімділігі мен қабілеттеріне сәйкес қоғамдық-гуманитарлық және өзге де оқыту бағыттары бойынша кең ауқымда және тереңдете білім беруді қамтамасыз ететін бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білімнің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын және қосымша білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын оқу орны;
      (6.) -дене тәрбиесі – адам денсаулығын нығайтуға және дене қабілеттерін дамытуға бағытталған қызмет саласы;
      (17.)- мектептен тыс қосымша білім беру ұйымы – білім алушылар мен тәрбиеленушілердің жеке тұлғасын дамытуға, денсаулығын нығайтуға және өзін-өзі кәсіптік тұрғыдан айқындауға, шығармашылық еңбегіне, олардың жалпы мәдениетін қалыптастыруға, жеке тұлғаны қоғамдағы өмірге бейімдеуге, бос уақытын пайдалы өткізуді ұйымдастыруға қажетті жағдайларды қамтамасыз етуге арналған оқу-тәрбие ұйымдары (бұдан әрі –мектептен тыс объектілер);

**10-тарау.** (151-1.) білім беру объектілеріне, білім беру объектісінің аумағында, дәліздерде, үй-жайда оқушылардың қозғалысы кезінде кемінде 1,5 метр қашықтықты сақтау;

(2.) оқушылардың қолдарын өңдеуге арналған тері антисептигі бар санитайзерлер әр сыныпта (аудиторияда, кабинетте), санитариялық тораптарда және лас маскаларға арналған таңбаланған сыйымдылықтарда орнатылады;

(152.) Сабақ режимін және жұмыс орнын ұйымдастыру кезінде мынадай іс-шараларды жүргізу талап етіледі:

(152-1.) сабақтар арасындағы үзіліс уақыты әр түрлі уақытта әр түрлі сыныптар (топтар) үшін белгіленеді;

(153-6) -коронавирустық инфекциямен ауыратын науқаспен байланыста болған, ауырып сауыққан білім алушылардың білім беру ұйымына баруына дәрігердің білім беру ұйымында болу үшін медициналық қарсы айғақтардың жоқ екендігі туралы медициналық қорытындысы болған кезде жол беріледі;

(153-5) -санитариялық-эпидемиологиялық талаптардың сақталуына жауапты адамды тағайындау (температураны жанаспайтын термометрмен өлшеу, персоналға нұсқаулық беру, жеке қорғаныш құралдарын уақтылы ауыстыру, дезинфекциялау, жуу және антисептикалық құралдардың қажетті қорын қадағалау, нұсқама, термометрия жүргізу журналын жүргізу, маскаларды, респираторларды, сулықтарды кәдеге жарату)қадағалау;

Жауаптылар: шаруашылық жұмысы орынбасары Ж.Елшибеков, мед бике А.Берикбаева.

4. Қосымша білім беруге (үйірме, секция) қатысатын оқушылардың денсаулығы мен өмір қауіпсіздігін күнделікті белгілеу журналын жүргізу. Мектепке кірер алдында оқушының дене қызуын (температурасын) термометр құралымен күнделікті өлшеу, оқушының бет перде (маска) киіп келуін, антисептикпен қолын залалсыздандыру, сабақ жүргізу барысында, дәліздерде оқушылардың ара қашықтық белгілерін, кабинетте қауіпсіздікті сақтау ережелерінің белгілері, санитарлық талаптарды сақтау үйірме, секция жетекшілеріне қатаң тапсырылсын.

5. Осы бұйрықтың орындалуы тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары Г.Оңалбаеваға міндеттелсін.

**Директор** **Г.Абдраманова**

Бұйрықпен таныстым: Г Оналбаева